

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**PROCEEDINGS
of the XIX International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**2024
Астана**

УДК 001

ББК 72

G99

«GYLYM JÁNE BILIM – 2024» студенттер мен жас ғалымдардың XIX Халықаралық ғылыми конференциясы = XIX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2024» = The XIX International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2024». – Астана: – 7478 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-7697-07-5

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001

ББК 72

G99

ISBN 978-601-7697-07-5

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2024**

Жаллатлар Бәрсисаны ұстады кеп.

Ажыралып иманынан қалғанына,

Не пайда, қапа болып өкінді көп [5].

Екі шығарма, екі оқиға, бір түйін. Барсиса да, Фауст та өмірден бас кешкен жандар. Екеуі екі түрлі жайтпен болса да шайтанның құрығына ілінеді. Ібілістің айтқанымен жүріп, өз өмірлеріне өз қолдарымен балта шабады. Мефистофельге кезікпегенде Фауст сүйіктісімен бақытты болар еді, оның анасын өлтіруге себепкер болмаушы еді. Ібіліске ермегенде Барсиса Алланың ақ жолынан таймай, бәлкім, жаннаттық болар ма еді?! Күллі

мұсылман қауымға уағыз ретінде айтылып, әлі күнге дейін пенде иманын күшейтуге шақырып жүрген бұл аңыздың маңызы әсте жоғалмақ емес. «Бір адам бейнесіндегі бүкіл адамзаттың жиынтығы» деп В.Г.Белинский бағалаған И.В.Гётедің «Фаусты» да бекерден бекер әлемдік ғажап туындылардың қатарына енбесе керек. Қос шығарманың мәні оқырманды бір оқығаннан-ақ өзіне баурап, бір деммен соңына дейін жетелейді. Дулат Исабеков айтпақшы, ұлы шығармалар уақытпен санаспайды.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Жайлау Б. Қашаған – сөздің дүлдүлі : ғылыми мақалалар мен арнау өлеңдер және айтыс мәтіні / Б. Жайлау. – Алматы: Жазушы, 2013. – 318 б.
2. Құрманов М. Фауст. – Алматы, 2021. – 269 б.
3. Дулат Исабеков. Батысқа Шығысты мойындатқан қаламгер. – Егемен Қазақстан, 2019, 21.01.
4. Ал-Байдави. Тафсир, 2. М., 2007. - 143 б.
5. Бес ғасыр жырлайды. – Алматы, 1991

ӘОЖ 03.12

АБАЙТАНУ ТАРИХЫНДАҒЫ АЛАШ КЕЗЕҢІ

Қажымұрат Алмагүл

alma.shug@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Филология факультеті, «Қазақ әдебиеті» кафедрасының 8D02314 – «Әдебиеттану» білім беру бағдарламасының 1-курс докторанты

Астана қ-сы., Қазақстан.

Ғылыми жетекші: ҚР ҰҒА академигі, ф.ғ.д., проф. Д.Қамзабекұлы

«Қайраткерлік қызметімен XX ғасырдың басында ұлт өміріне жаңа серпін берген Әлихан Бөкейханов бастаған зиялылар буыны Абай мұрасынан нәр алды. Абайдың бастаған ісін ақын ретінде – Мағжан, философ – ойшыл ретінде Шәкәрім, саясаткер ретінде – Әлихан, Ахмет, Халел, Мұстафа және басқалар жалғастырды».

М.Қойгелдиев

Қазақ халқының бойындағы сан ғасырлар жинақталған рух пен мұратты түрлі салада, соның ішінде әдебиет пен өнерде жарыққа шығарған Алаш саяси, мәдени, ағартушылық қозғалысы, Алаш қайраткерлері – тарихи-интеллектуалдық құбылыс ретінде ұлтымыздың даму жолын жаңа арнаға бұрды. Абай өзіне дейінгі қазақтың ой тарихын қорытындылап, қазіргі тілмен айтсақ әрі поэтикалық, әрі философиялық аналитикаға барды. Тек қана талдау деңгейінде қалмай, оны қорытты, яғни синтездеді. Абайдың қазақтың әдебиетіне, ойына жасаған аса үлкен реформасының сыры да, сымбаты да, кілті де, ықпалы да, нәтижесі де дәл

осында деген ойды сенімді түрде баяндай аламыз. Өзге халықтардың классиктері сияқты, Абай мұрасы да ең алдымен өз заманының шежіресі болды. Абай ұлылығын, шығармашылық тұлға ретіндегі болмысын тап басып тануға біраз уақыт қажет болды. Ал абайтануды алғаш жүзеге асырғандар – XX ғасырдың басындағы қазақ зиялылары. Олар өздері міндет етіп алған ұлт үшін атқарылар ұланғайыр істердің бастау көзі ұлы Абайды тану мен танытуда деп біліп, ең алдымен, сол ұлы ұстаздың ұлылық қасиетін ардақтауға ұмтылды. Абайды өздері ғана қадір тұтып қоймай, оның ұлт абызы ретіндегі кемеңгерлік тұлғасын өздері айтпақшы «жұртқа», яғни көпке танытуды мақсат тұтты.

Абайдың этикасы асыл мақсаттар үшін, ізгілік салтанат құру жолындағы күреске шақырды, діни моральдың пассивті аскетизмінен бас тартты, бірақ белсенді гедонизмді де құптамады. Ақынның пайымдауынша, адам өмірі мен қызметі жақсылыққа ұмтылып, асқақ болуы керек. Оның этикалық көзқарастары оның әлеуметтік наным-сенімдерінің демократиялық сипатын білдіреді. Адам мәселесі, оның болмысы – Абай философиясындағы басты мәселе. Ол шынайы адамгершілік, «адам» адамға адам болуға нақты мүмкіндіктер беретін қоғам, оның әлеуметтік-адамгершілік тұжырымдамасын жүзеге асыратын қоғам бола алады деп сенді. Ал ол үшін қоғамды осыған мүдделі адамдардың бастамасы негізінде қоғамдық қатынастар дамитындай реформалау қажет.

Ол жанашырлық пен мейірімділіктің жоқтығын, өзімшілдік пен сараңдықты өте қатал айыптай отырып, отандастарын бауырластықпен өмір сүруге шақырады-қиындықтар мен қуаныш күндерінде бір - бірін қолдауға шақырады:

Кемді күн қызық дәурен тату өткіз,
Жетпесе, біріндікін бірің жеткіз!
Күншілдіксіз тату бол шын көңілмен,
Қиянатшыл болмақты естен кеткіз!

Абайдың еркін сөзі Ұлы далаға кең таралып, құдіретті естілді. Ақын қазақтың халқының әлеуметтік даму идеяларының – өткір бостандықты сүйетін саяси-қоғамдық ойдың тірі генераторы және таратушысы болды. Әрине, Абай ұлылығын, шығармашылық тұлға ретіндегі болмысын тап басып тануға біраз уақыт қажет болды. Ал абайтануды алғаш жүзеге асырғандар – XX ғасырдың басындағы қазақ зиялылары. Олар өздері міндет етіп алған ұлт үшін атқарылар ұланғайыр істердің бастау көзі ұлы Абайды тану мен танытуда деп біліп, ең алдымен, сол ұлы ұстаздың ұлылық қасиетін ардақтауға ұмтылды. Абайды өздері ғана қадір тұтып қоймай, оның ұлт абызы ретіндегі кемеңгерлік тұлғасын өздері айтпақшы «жұртқа», яғни көпке танытуды мақсат тұтты. Алаш әдебиеті – Абай дәстүрінің тікелей мирасқоры әрі ұлттық рухани қазынамыздың бірден-бір сарқылмас көзі, ұлт даналары ұлағатының жемісі.

Алаш қайраткерлерінің тұлға ретінде қалыптасуына да Абай мұрасы зор ықпал жасады. Сол себептен де Хакімді тану мен таныстыруда да тыңнан түрен салғандар Алаш қайраткерлері болды. Абайды елімізге ғана емес, орыс әлемі арқылы дүниежүзі оқырмандарына тұңғыш танытушы – Әлихан Бөкейханның, Абайдың өлеңдеріне алғаш тұшымды талдау жасаған – Ахмет Байтұрсынұлының, Абай тұлғасына алғашқылардың бірі болып баға берген – Міржақып Дулатұлы және өзге де Алаш қайраткерлерінің абайтанудағы орны мен олардың еңбектерінің құндылығын зерделеу аса өзекті.

Бұл есімдердің бір қауымға қосылуы кездейсоқ емес. Оларды біртұтас идеологиялық негіз – қазақ халқының азаттығы мен тәуелсіздігі үшін күресі байланыстырады және біріктіреді. Ал бұл процестің бастаушысы ұлы ақын болды. Бұл туралы келесі тарихи фактілер де айтады. Абайдың алғашқы өмірбаянын Алаш қозғалысының көшбасшысы, белгілі экономист, тарихшы, әдебиетші, публицист, журналист, аудармашы Әлихан Бөкейхан жазған болатын. Ол 1903 жылы Абайдың көзі тірісінде Санкт-Петербургте басылып шығатын «Киргизский край» кітабының XVIII томында «Қырғыз аймағының тарихи тағдыры және оның мәдени жетістіктері» атты еңбек жариялайды. Онда ол Абайдың туындыларын формасы мен мазмұны жағынан айрықша шығармашылық дей келе, оны қазақтың жаңа әдебиетінің

көшбасшысы деп бағалайды. Ә. Бөкейханның орыс тілінде жазылып, 1905 жылы «Семипалатинские ведомости» газетінде жарияланған «Абай (Ибраһим) Құнанбаев» атты мақаласы ұлы ақын туралы тұңғыш та анағұрлым толыққанды ғылыми еңбек болып табылады. Кейін бұл мақала Абайдың портретімен бірге 1907 жылы «Записки Семипалатинского подотдела Западно-Сибирского отдела Императорского русского географического общества» журналында жарияланды. Бұл жарияланым Әлихан Бөкейханның Абайдың жеке өзі мен шығармашылығын, шежіресі мен оның қоршаған ортасын жақсы білгендігін дәлелдейді. Ол Абайдың ұлы Тұрағұлмен және Абайдың немере інілері Шәкәріммен және Кәкітаймен жақын таныс болды.

Ә. Бөкейхан өз мақаласында Абайдың қоғамдық қызметтен ақындыққа қалай ауысып, орыс және әлем поэзиясын көркем аудармамен айналысқандығын, Спенсердің «Тәжірибелер», Льюистің «Ақиқат философиясы», Дрәпердің «Еуропаның ақылды дамуы» еңбектерімен таныса келіп, қалай еуропалық мәдениет биігіне көтерілгендігін егжей-тегжейлі қарастырады. Ол өзінің Абай өмірі мен шығармашылығы туралы осы қысқаша очеркін аяқтай келіп, оны Еуропаның атақты ақындары қатарына қосады. Абайдың шығармашылық талантын Еуропаның атақты ақындарынан кем еместігін атап өтеді: «Абай, как это покажут его стихи, представлял недюженную поэтическую силу и составлял гордость киргизского народа. Еще не было киргизского поэта, так возвысившего духовное творчество народа, как Абай. Чудные его стихи, посвященные четырем временам года (весна, лето, осень, зима) сделали бы честь знаменитым поэтам Европы».

Ұлт тағдырына өздерін жауапты сезінген Алаш қайраткерлері қазақ халқының мүддесін қорғауда білектің күшімен емес, ақыл-ойдың қарымымен есе қайтарудың жолын таңдады. Бұл жол ұлттың мүддесін қорғауда ұлттық-саяси мінберге айналған «Қазақ» газетін өмірге әкелді. Бұл туралы алаштанушы-ғалым М. Қойгелдиев: «Қазақ» газеті, белгілі дәрежеде, сол кезеңдегі қазақ ұлт-азаттық қозғалысының ең белсенді қайраткерлері Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов және М. Дулатовтың үлкен еңбегінің ортақ жемісі еді» [1, 187-б.] деп объективті бағасын берді.

Басылымның «Қазақ» аталуында екі түрлі мағына барлығы аңғарылады. Біріншіден, газет жалпыұлттық газет болғандықтан, мақсаты жері бөлшектеніп, елі бытырап жүрген қазақ халқын топтастырып, бір ортаға біріктіру болғандықтан да ұлт атын иемденіп «Қазақ» аталды. Екіншіден, кітәби, әдеби, ғылыми айналымда қазақ атының өз аты аталмай, қырғыз аталып келгендігі белгілі, сондықтан, туған халқының төл атын қайта оралту мақсатында, қазақ зиялылары өз баспасөзін осылай атауды мақұл көрген [2, 32-б.]. Ахмет Байтұрсынұлы бұл жайында: «Аталы жұртымыздың, ауданды ұлтымыздың аруақты аты деп, газетамыздың есімін «Қазақ» қойдық» - дейді [3, 11-б.]. Осыдан аңғаратынымыздай, ұлт зиялалары газетті шығаруда ұлттың мүддесін басты орынға қойды. Бұл азаттық қозғалыстың XX ғасырдағы өркениетті түрі болатын.

Осылайша, Алаштың ұлттық мінбері болған «Қазақ» газетінде бірнеше рет жарыққа шыққан басылымдарда Алаш қозғалысының көрнекті басшыларының бірі, ағартушы, ақын, филолог Ахмет Байтұрсынұлы Абайды «Қазақтың бас ақыны» деп атап, «Онан асқан бұрынғысоңғы заманда қазақ баласында біз білетін ақын болған жоқ», деп жазды.

Әлем әдебиетінің классигі Мұхтар Әуезов дербес әдебиеттану ғылымы ретіндегі абайтанудың негізін қалады. Ұлы ақын туралы «Абай жолы» роман-эпопеясының авторы: «Ол өз халқының тарихында биіктен көрінеді. Ол қазақ халқының көп ғасырлық мәдениетінен озығын алып, бұл қазынаны әлемдік және орыс мәдениетінің игі ықпалымен байытты», деп Абай талантына жоғары баға берді [4].

Абайтануға М. Дулатұлы да үлес қосты. Ол 1914 жылы Абайдың қайтыс болғанына 10 жыл толуына орай «Қазақ» газетінде «Абай» атты мақала жариялайды. Онда ол Абайды қазақ әдебиетінің атасы деп бағалап, оның аты «тарихта алтынмен жазылар» тұлға деп дәріптейді. М. Дулатұлы данышпан ақынның қазақ руханиятындағы орнын былайша айқындайды: «Абай сынды ақынның қадірін білмеу – қазақ халқының зор кемшілігін көрсетуге толық жарайды, себебі – қазақ басқа жұртпен үзеңгі қағысып, тең халық болып жасай алмауы – тарихы, әдебиеті жоқтықтан. Тарихы, әдебиеті жоқ халықтың дүниеде өмір сүруі, ұлттығын сақтап,

ілгері басуы қиын. Әдебиеті, тарихы жоқ халықтар басқаларға сіңісіп, жұтылып, жоқ болады. Қай жұрттың болса да жаны – әдебиет, жансыз тән жасамақ емес. Қайдан өрбігенін, қайдан өскенін, ата-бабалары кім болғанын, не істегенін білмеген жұртқа, бұл талас-тартыс, тар заманда арнаулы орын жоқ. Сондықтан Абайдың аты жоғалуы, мұнан кейін де шығатын Абайлар сондай ескерусіз ұмытылу ықтималы қазақтың жоғалуымен, қазақ атты халықтың ұмытылуымен бірдей».

Абайды қазақтың рухани әлеміне енгізу арқылы алаштықтар өздері де жолдарын Абай арқылы тапты. Ең бірінші қазақтың сөйлеу образын, сөйлем құрауын Абайдан алды. Ахметтің сөзді түрлеп жазу деген әдістерінен де Абайдың мәдениетін көруге болады.

Осы орайда, XX ғасыр басында қазақ тарихы жаңаша жаңғырды деуге болады. Ояну кезеңін басынан кешірді. Бұл шын мәніндегі ұлттық Ренессанс болды. Осы бетбұрысты дәуірдің саяси көсемі Әлихан Бөкейхан болса, рухани көсемі Ахмет Байтұрсынұлы болды. Саясат жүзінде қазақ даласына азаттық, бостандық, теңдік идеялары келді, бұл идеялар көшпелі дәстүрлі қоғамның емес, жаңа өркениетті қоғамның басты ұрандары болды. Қазақ халқы осы идеялардың аясында еңсесін көтерді, есін жия бастады, төңірекке, дүниеге басқа жаңаша сергек оймен, сілкінген санамен қарай бастады. Бұл Алаш көсемі Ә.Бөкейхан бастауында тұрған қозғалыстың екпіні болатын. А.Байтұрсынұлы болса, жаңа дәуірдің сұранысы мен қажеттіліктерін тамыршыдай дәл басып, қазаққа білім мен ғылымның қаруын ұстатты. Оның әліпбиі, жазу үлгісі, қазақ тіл білімінің негізін салуы – тек қана ғылыми жұмыс емес, үлкен бетбұрысты мәдени қадам болды. Бұл арада қазақ тіліне пән немесе ғылым тұрғысынан емес, ұлтты ұйыстырушы, сақтаушы рөлінде қарауға тиіспіз», деген.

Жалпы алғанда, XX ғасырдың басында ең көп таралыммен тараған газеттің бетіндегі озық ойлы қазақ зиялыларының Абай жайлы айтылған келелі ой-тұжырымдары ұлтының ұлы рухани ұстаз туралы зерттеудің қалыптасуына жаңа жол ашты. Қазақ әдебиеттану ғылымындағы абайтану дәуірі солардан бастау алады. Абайдың тарихи тұлғасы және оның шығармашылығы туралы Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатовтардан басталып, Мұхтар Әуезов жан-жақты өрістеткен ойлар қашанда толастамақ емес. Себебі Абай сөзіне қанығу, Абай сөзінен үлгі дарыту ойлы қазаққа да, басқаға да қашанда қажет. Әсіресе, тәуелсіздік тұсында ұлттық құндылықтарымызды, адами келбетімізді танудың және бағалаудың рухани бағдары болмақ.

Ұлы ақынның ойшылдығы – халық даналығының биік көрінісі. Абай туған халқының арман-мүддесін де, жалпы адамзаттық мұраттарын да терең түсіне алды. Оның көршілес, жақын елдермен жанасып, дүние жүзінің озық әдебиеті мен мәдениетіне қол артуға ұмтылғаны да дәуір талабын аңғара білгендігінен. Сондықтан да Абай өткен тарихымыз ғана емес, бүгінгі асыл мұрамыз және алдағы мақсат-мұратымызды айқындап бере алатын келешегіміз. Абай – бүгін де жастардың ақылгөйі, ұлттық болмыстың үлгісі, мемлекет ісінің мүдделесі, жаңа қоғамның жанашыры, әлемдік мәдениеттің тұлғасы. Абай десек, Абай туралы ой толғасақ, бүгін біз елдің елдігін, егемендігін, берекелі болуын қоса ойлайтымыз анық.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. Бірінші том. – Алматы: Мектеп, 2008. – 480 б.
2. Әбдіманов Ө. «Қазақ» газеті – Алматы: Қазақстан, 1993. – 168 б.
3. «Қазақ» газеті. / Ә. Нысанбаев. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998. – 560 б.
4. Әуезов М. «Қазақ халқының ұлы ақыны» // «Әдебиет және искусство» журналы, 1954, №9.
5. Әбдіманұлы Ө. «Алаш және Абай» // <https://abai.kz/post/41118>

ӨОЖ 13.17

АСҚАР – ДРАМАТУРГ

Қалдыбаева Гүлім Нұрымқызы